

Минжанов Н. А., Ертисбаева Г.Н., Абжанова Г.

«Карагандинский экономический университет Казпотребсоюза»

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ПСИХОЛОГИЯ АДАМНЫҢ ТӘРБИЕ ҒЫЛЫМ РЕТІНДЕ

Ғылым – адамның табиғат пен қоғам туралы объективті білімін қалыптастыруға мүмкіндік беретін танымының ең жоғарғы пішімі, оның практикалық қызметінің бір саласы. Адамзат қоғамының дамуы барысында ғылым сол қоғамның маңызды әлеуметтік институтына және тікелей өндірістік күшіне айналды. Ғылымның басты мақсаты – ғылым заңдарының негізінде ашылып отырған болмыс құбылысы мен процесін болжау, түсіндіру және жүйелеп мазмұндап беру.

Қазіргі таңда тәрбиенің маңызы орасан зор. Тәрбие бесіктегі баладан, еңкейген қартқа дейін қажет. Өйткені, тәрбие болғанда ғана, адамдық қасиетің пайда болып, өмірдегі рөліңді біле аласың. Қазақтың батыр тұлғаларының бірі Бауыржан Момышұлы: «Тәртіпсіз ел болмайды. Тәртіпке бағынған құл болмайды» деп тәрбиенің маңызын ашып көрсеткен.

Сонымен қатар, тәрбие педагогика ғылым салаларымен тығыз байланысты. Тәрбиеге қатысты өз ойын жүйелі жеткізген орыстың ұлы педагогы К.Д.Ушинский тәрбиенің белгілі мақсатқа жүзеге асыруда педагогика ғылымының рөлін жоғары бағалады, ол бала туғанда белгілі бір оймен туады – оны тәрбие тек толықтырады және саналыққа баулиды деген сол кездегі теріс көзқарасқа соққы берді. ¹

Аса көрнекті совет педагогы А.С.Макаренко тәрбие жөнінде өзінің педагогикалық ойларын білдіріп кеткен болатын. Тәрбиенің алдына Макаренко ұйымшыл, алғыр және ер адамдарды жан-жақты білім алған, еңбексүйгіш, халқының алдындағы өз борыштарын сезіне білетін жастарды тәрбиелеу міндетін ұсынды. [2].

Негізінен ғылымдарды екі санатқа бөледі:

Жаратылыс құбылыстарын (биологиялық өмірді қоса) зерттейтін жаратылыстану ғылымдары және

Адамзат өмірі мен қоғамдарын зерттейтін гуманитарлық ғылымдар.

Осы гуманитарлық ғылымдардың адам өміріне ең тиімді, қажеттісі педагогика және психология.

Психологияның өзінде тұлғаның «объективтілену» процесіне қарама-қарсы тұру орын алады: кейбір психологтар бұл бағыттағы әрекеттердің тым ұзаққа созылып кететінін, ал бұл өз кезегінде адам табиғатының күрделілігі мен даралылығы жайлы көзқарастардың бұзылуына әкелетінін айтады[3].

Кеңес берілгеннен соң клиент жете түсінбеген және дұрыс бағаламаған жағдайлар кездеседі. Бірақ уақыт өте келе, сол адам психолог сөзінің, оның берген кеңесінің дұрыс екеніне түсіне бастайды. Сондай-ақ кеңес беруші де, егер клиентпен кездесу одан әрі жалғасса, психодиагностика барысында анықталған проблемаларды түсіндіру кезінде кейбір мәселелерді клиент жете тыңдамағанын және қабылдамағанын байқауы мүмкін. Бұл жағдай психологтан өз қызметін клиентке жете түсіндіру қажет екенін көрсетеді[4].

Ұлттық бірыңғай тестілеуге дайындық қарсаңында психологиялық көмектің ауадай қажет екендігі соңғы бес жылда айқын сезілді. Оны өз тәжірибемде талай куәсі болдым. Қазіргі заманның күрделі проблемаларының бірі, дұрыс рухани діни өмірден ауытқу, адасудың бір түрі-экстремизм болса, оның алдын алу үшін бұл мәселенің рухани-психологиялық негіздерін дер кезінде аңғарып, психологиялық көмек көрсету қажет[]

Практикалық психологтың іс - әрекетіндегі психодиагностикалық әдістер клиенттің қиын мәселелерін анықтауға бағытталған. Осы мақсатта стандартталған және тереңдетілген сұхбаттасу, бақылау, өзіндік бақылау, тесттер, проэктивті әдістемелер, рөлдік ойындар қолданылады.

Диагностикалық әдістер психокоррекция мен психотерапия арқылы белгілі болған мәселенің нәтижелерін бағалауда да жәрдемдеседі.

Диагностикалық үрдістер практикалық психологияның әр түрлі бағыттары мен мектептерінде қолданылады. Әрбір мектеп клиенттің проблемаларын, оларды шешудің мақсаттары мен мүмкіндіктерін өз бетінше ерекше бағытпен шешеді.

Сұхбаттасу практикалық психологияның барлық мектептерінде әртүрлі вариацияларда қолданылатын негізгі диагностикалық міндетті құрал.

Жалпы психодиагностика мәселелері белгілі бір мөлшерде диагностика және психология бөлімдерінен шығады. Бірақ практик психологтар бұл мәселелер туралы нақты мәліметке ие болуы керек, себебі мәселені нақты білу негізінде, нақты әдістер таңдалады. Ерекшеліктер тек мәселелерде ғана емес психодиагностика ситуацияларында да көрініс табады. Бұл әртүрлі *клиент ситуациясы* және *экспертиза ситуациясы*.

Бірінші ситуацияда адам көмек сұрап психологқа барады, бл кезде адам психологпен әріптестік қатнаста болуға, оның талаптарын, ережелерін қатаң сақтап орындауға тырысады, яғни нәтижені ойластырулы түрде жасағысы келеді.

Екінші ситуациябұл жерде адам «экспертизаға» түсетінін біледі және өзіні сенімді, тұрақты етіп көрсету мақсатында сұрақтарға еркін жауаптар қайтарады[6].

Психодиагностикалық құралдарға кез келген ситуацияда шынайы қатынаста болуды қадағалау.

Педагогика және психология ғылымдарының біздің қоғамымызда, әсіресе, ХХІ ғасырда алатын орны ерекше. Осы ғасыр адамы, атап айтқанда өзіндік "мен"- әлсіз жастар көбіне қиындыққа төтеп беруге табандылығы аз, жеткіліксіз, өздеріне сенімділігі төмен болып келеді. Бұл проблемаларды психология шешетініне мен кәміл сенемін.

Қорыта келе, қажеттіліктерді баланың дамуын басқаратын бағдарлама деп санауға болады. Оқушы қажеттілікті қанағаттандыру арқылы өзінің “Меніне” қадам басады, алдына қойған мақсатына жетеді, яғни тұлға болып қалыптасады. Осы өзін-өзі дамытып, қалыптастыратын бағдарламаны педагогикалық жүйенің **методологиялық** негізі “Адамның қажеттілігі негізіндегі тәрбие жүйесі» — деп атауға болады. Табиғат адамға өзін-өзі реттейтін механизм берген.

Тәрбие – бұл, ең әуелі ата-анасын, үлкенді және қоғамды,яғни өзі өмір сүріп жатқан ортаны сыйлау. Осы айтылғандарды сыйлап өмкен адам тәрбиесіз болмайды.Қазір ХХІ ғасыр білім мен ғылым заманы екнін жұртшылық жақсы біледі. Бірақ бар күшімізді білім мен ғылымға салып тәрбиені елеусіз қалдырсақ

ұтарымыздан ұтыларымыз көп екндігін ортағасырлық ғұлама ғалым Әл-Фараби нықтап айтты.Сөзімізді түйіндей келе,өркениеттің көшінен кеш қалмау үшін әр нәрсенің бастауын тәрбиеден алу керек.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Ушинский К.Д. Собрание сочинений в 11 тт. Под ред. А. М. Егорова. М-Л., 1948-1952 гг
2. А.С.Макаренко. Педагогическая поэма. Педагогика, – М. 1981.
3. Зимняя А. Педагогикалық психология. А., 2005. С.123-128.
- 4.Столяренко Л.Д. Педагогическая психология для студентов вузов. Ростов-на-Дону. С. 45-49.
- 5.Выготский Л.С. Баланың жас ерекшеліктері мен кемтар бала психологиясы туралы таңдамалы еңбектер. Алматы, 1999.С.145-149.
- 6.Психология. Адамзат ақыл-ойының қазынасы. 10-томдық. 1-том. Мәдени-тарихи тұжырымдама. Алматы, 2005,С.46-49.